

**"Құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары қауіпсіздігі"
техникалық регламентін бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 ақпандағы N 96 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17 қарашадағы
N 1202 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.11.17 N 1202 (алғашқы ресми
жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Қаулысымен.**

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9
қарашадағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :

1. Қоса беріліп отырған "Құрылыс материалдары, бұйымдары мен
құрастырмалары қауіпсіздігі" техникалық регламенті (бұдан әрі - Техникалық
регламент) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар өз нормативтік құқықтық
актілерін осы қаулымен бекітілген Техникалық регламентке сәйкес келтіруді
қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң
қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8 ж ы л ғ ы

4

а қ п а н д а ғ ы

N 96 қаулысымен бекітілген

**"Құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары қауіпсіздігі"
техникалық регламенті**

1. Қолданылу саласы

1. Осы Техникалық регламентте техникалық реттеу объектілері болып
м ы н а л а р т а б ы л а д ы :

1) өнім - құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары, оның

қауіпсіздігін анықтайтын сипаттамалар;

2) құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын өндіру, тасымалдау, сақтау, пайдалану және кәдеге жарату процестері (өмірлік цикл кезеңдері) .

Осы Техникалық регламент құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының өмірлік циклі сатыларында қауіпті сипаттамаларының (қасиеттерінің) пайда болу мүмкіндігін ескереді.

2. Құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын сәйкестендіру ҚР МЖ 04-2003 өнім жіктеуіші бойынша, жинақтығында тану үшін жеткілікті болатын таңбалау мен ілеспе құжаттар бойынша, белгілері, параметрлері, көрсеткіштері мен талаптары бойынша Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының (СЭҚ ТН) кодтарын және Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдер жіктеуіші (ЭҚТ ӨЖ) кодтары бойынша оларға сәйкес келетін кодтарды пайдалану арқылы жүргізіледі.

3. Қауіпсіздік талаптары белгіленген құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының тізілімі осы Техникалық регламентке 1-қосымшада берілген.

4. Осы Техникалық регламент құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының өрт қауіпсіздігін, жарылыс қауіпсіздігін, химиялық қауіпсіздігін, механикалық қауіпсіздігін (соққы әсері), биологиялық қауіпсіздігін, термиялық қауіпсіздігін және санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ең аз қажетті талаптарды белгілейді.

5. Құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өрт қауіпсіздігінің, жарылыс қауіпсіздігінің, химиялық қауіпсіздігінің, механикалық қауіпсіздігінің (соққы әсері), биологиялық қауіпсіздігінің, термиялық қауіпсіздігінің және санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздігінің жалпы талаптары Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексімен және " Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы ", " Өрт қауіпсіздігі туралы ", " Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы ", " Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы ", " Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы " Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

6. Осы Техникалық регламент құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының сипаттамаларына (қасиеттеріне) не олардың өмірлік циклі сатыларында қойылатын қауіпсіздік талаптары белгіленген басқа техникалық регламенттермен бірге қолданылуы тиіс.

7. Осы Техникалық регламент бұрын қолданылған және құрылыста және (немесе) азаматтардың тұрмыстық қажеттіліктеріне қайта пайдаланылатын құрылыс материалдарына, бұйымдары мен құрастырмаларына қолданылмайды.

8. Осы Техникалық регламентте белгіленген талаптар міндетті болып табылады және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылады.

2. Терминдер мен анықтамалар

9. Осы Техникалық регламентте "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес негізгі ұғымдар қолданылады және мынадай терминдер қосымша пайдаланылады:

1) егжей-тегжейлі (нақты) талаптар - рұқсат етілетін ауытқулары бар өнімдер сипаттамаларының шекті немесе атаулы мәндері түрінде көрсетілген ең аз қажетті талаптар;

2) рұқсат етілетін қауіп-қатер - объектіне пайдаланудан алынған пайда үшін қоғам осы қауіп-қатерге дайын болатын, деңгейі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты рұқсат етілетін және негізделетін қауіп-қатер;

3) импорттаушы - құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын басқа елдерден әкелетін, осылайша өзіне шетелдік дайындаушы орнына олардың қауіпсіздігіне байланысты функциялар мен жауапкершілік алатын жеке немесе заңды тұлға;

4) қалдықтарды жою - қайталап пайдаланылатын шикізатты, пайдалы өнімді алу және (немесе) осы уақытта пайдаланылмайтын қауіпті және басқа қалдықтарды жою және көму мақсатында залалсыздандырылған қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі құжатталған ұйымдастыру-технологиялық рәсімдердің жиынтығымен байланысты қызмет;

5) ең аз қажетті талаптар - азаматтардың өмірін немесе денсаулығын қорғау, қоршаған ортаны, жануарларды немесе өсімдіктерді қорғау үшін рұқсат етілетін зиян келтіру, өнімнің қауіпсіздігі мен сапасына қатысты тұтынушыларды адастыруға әкелетін іс-әрекеттердің алдын алу тәуекелін бағалауға негізделген қауіпсіздік талаптары;

6) қауіпсіздікті қамтамасыз ету - адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жануарлар мен өсімдіктерге зиян тигізу мүмкіндігімен байланысты рұқсат етілмейтін қауіп-қатерді жою жөніндегі инженерлік-техникалық және ұйымдастыру шараларының жиынтығын қабылдау;

7) жалпы (елеулі) талаптар - қажетті қауіптіліктің затын сипаттау түрінде, нақты тәсілдерді және оны қамтамасыз ету сипаттамаларын егжей-тегжейлі түсіндірмей берілген ең аз қажетті талаптар;

8) қауіптілік объектісі - өндіру, тасымалдау, сақтау, пайдалану және кәдеге жарату процестері адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, соның ішінде өсімдік пен жануарлар әлеміне зиянды әсер етуі мүмкін, сондай-ақ өнімнің қауіпсіздігі мен сапасына қатысты тұтынушыларды адастыруға әкелетін іс-әрекеттер жасауы мүмкін қасиеттер бар өнім;

9) қауіп-қатерді бағалау - қауіп-қатерді талдаудың және оны бағалаудың жалпы процесі;

10) өрт қауіпсіздігі - өрттен адамдардың, мүліктің, жеке меншіктің, қоғамның және мемлекеттің қорғалған жай-күйі;

11) сәйкестік презумпциясы - заңнамалық немесе тұжырымдамалық бекітілген ереже, оған сәйкес үйлестірілген мемлекеттік стандарттардың егжей-тегжейлі (нақты) талаптарын орындау Техникалық регламенттің тиісті жалпы (елеулі) талаптарын сақтау деп есептеледі;

12) сатушы - дайындаушы, уәкілетті өкіл немесе импортер болмай-ақ, азаматтардың тұрмыстық мұқтаждықтары үшін құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын сататын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың қауіпсіздігіне жауап беретін жеке немесе заңды тұлға;

13) санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік - өмір сүру ортасы факторларының адамға зиянды әсер етпейтін және оның өмір сүруіне қолайлы жағдайлар қамтамасыз ететін халықтың денсаулық жағдайы;

14) құрылыс материалдары мен бұйымдары - ғимараттар мен ғимараттарды, олардың жеке элементтері мен бөлшектерін жасауға арналған қорытынды құрылыс өнімінің түрлері;

15) құрылыс құрастырмасы - белгілі бір функциялары бар ғимараттың немесе құрылыстың бір бөлігі болып табылатын түпкілікті құрылыс өнімі;

16) қауіптілік субъектісі - қауіптілік объектісі әсер ететін адамдар, жануарлар мен өсімдіктер, қоршаған орта;

17) табиғи радионуклидтердің үлестік тиімді белсенділігі - адам ағзасына биологиялық әсерін ескере отырып анықталатын үлгінің салмағына үлгідегі табиғи текті негізгі радионуклидтердің белсенділігі қарым-қатынасының жиынтық шамасы;

18) уәкілетті өкіл - құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмаларын сату құқығын алу үшін дайындаушымен шарт жасасқан және оның атынан өнімнің қауіпсіздігіне жауап беретін жеке немесе заңды тұлға.

3. Қазақстан Республикасы нарығында өнім айналысының шарттары

10. Құрылыс нысандарын - ғимараттарды, құрылымдарды, құрылыстарды салу кезінде және әр түрлі жөндеу-құрылыс жұмыстарын орындаған кезде азаматтардың жеке, тұрмыстық мұқтаждары үшін орындаған кезде азаматтардың жеке, тұрмыстық мұқтаждары үшін пайдаланылатын құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары осы Техникалық регламенттің талаптарына, сондай-ақ құрылыс материалдарына, бұйымдары мен құрастырмаларына қатысы бар басқа техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуі тиіс.

11. Құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары (оның ішінде импортталатындар) сатылу кезінде:

1) тұтынушыны зиян келтірудің ықтимал қатерін бағалау және тиісті қауіпсіздік шараларын қабылдау үшін қажетті ілеспе құжаттамамен (пайдалану жөніндегі нұсқамалар, сапа паспорты, сәйкестік сертификаты, сәйкестік туралы декларация, техникалық немесе нормативтік құжаттама және басқалары);

2) тиісті мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарына құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын өткізгеннен кейін оның әлеуетті қауіптілігі туралы тұтынушыларды сақтандыру үшін шаралар қолдануы мақсатында ақпараттандыру бойынша нұсқаулықпен қамтамасыз етілуі тиіс.

12. Азаматтардың тұрмыстық мұқтаждары үшін сатылатын құрылыс материалдары мен бұйымдары:

1) қауіпсіз, сақтау немесе жарамдылық мерзімі бітпеген, ыдысы және орамы бүлінбеген (нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес), пайдалану құжаттамасының толық жинағы болуы тиіс;

2) егер дайындаушыдан, тұтынушыдан немесе мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарынан нақты материалдар мен бұйымдардың белгіленген

қауіпсіздік талаптарына сәйкессіздігі туралы ақпарат алынған болса, іске асырылуға (сатылуға) жіберілмейді;

3) құрылыс материалдары мен бұйымдарын қолдану жөнінде қауіпсіз пайдалану ережелері туралы тұтынушыларға арналған нұсқаулықпен қамтамасыз етілуі тиіс;

4) оларды сату кезінде іс-әрекеттер тәртібі туралы, әрі қарай тексеру мақсатында тұтынушылар шағымын тіркеу туралы сатушыларға арналған ақпаратпен қамтамасыз етілуі тиіс.

4. Техникалық талаптар

Осы Техникалық регламентте құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының (олардың сипаттамаларының) өмірлік циклі кезеңдерінде (өндіру, тасымалдау, сақтау, пайдалану, кәдеге жарату кезінде) туындайтын, механикалық (соққы әсері), өрт және жарылысқа қауіптілік, радиациялық, химиялық, биологиялық, термиялық және санитарлық-эпидемиологиялық қауіптілік түрлері келтірілген.

Қауіптіліктердің ескерілген түрлеріне қатысты құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары осы Техникалық регламентке 2-қосымшада берілген.

5. Механикалық қауіпсіздік талаптары

13. Құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмаларын (құрама) өндіру, тасымалдау және сақтау, құрылыста және азаматтардың тұрмыстық мұқтаждары, кәдеге жарату үшін (өмірлік циклдің барлық кезеңдері) пайдалану кезінде олардан шығуы мүмкін механикалық (соққы) әсерінен қорғау үшін қауіпсіздіктің қажетті деңгейін қамтамасыз ететін мынадай талаптар орындалуы тиіс:

1) жеке құрылыс бұйымдары немесе құрама құрастырмалары, сондай-ақ оларды қаттап жинау кезінде қатарларының аударылу, құлау немесе бұзылу қауіпінсіз пайдалануды қамтамасыз ете отырып, қарастырылған жұмыс жағдайларында тұрақты болуы тиіс;

2) құрылыс объектілерінде құрылыс бұйымдары мен құрама құрастырмаларды пайдалану кезінде жобалық ережеде белгіленген орнына жылжытылатын құрылыс бұйымдары мен құрастырмаларынан пайда болған қауіптерден қызметкерлерді қорғау үшін қорғау қоршаулары мен аспалары (күнқағарлар) қолданылуы тиіс;

3) жобалық күйге орнатылу кезінде құрылыс бұйымдары мен құрама құрастырмаларының, сондай-ақ қаттап жинау кезінде қатарларының

тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін тиісті бекітпелерді қолдану қарастырылуы қажет.

14. Құрылыс материалдарының, бұйымдары және құрастырмаларының сипаттамаларына (қасиеттеріне) қатысты механикалық (соққы) әсерден қауіпсіздік талаптары осы Техникалық регламентке 3-қосымшада белгіленген.

6. Өрт және жарылыс қауіпсіздігі талаптары

15. Құрамында жанатын сұйықтықтар немесе қатты заттар бар құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының өрт қауіпсіздігі және жарылыс қауіпсіздігі олардың физикалық-химиялық қасиеттеріне және параметрлеріне байланысты өрттің және (немесе) жарылыстың туындау және (немесе) даму мүмкіндігімен анықталады.

16. Құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының өмірлік циклінің барлық кезеңдеріндегі олардың өрт қауіпсіздігін және жарылыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін "Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және өрт қауіпсіздігі саласындағы басқа нормативтік құжаттарда белгіленген талаптар орындалуы тиіс.

17. Өрт-жарылысқа қауіпті құрылыс материалдарын дайындау кезінде қалыпты жағдайларда жарылысқа қауіпті қоспалар түзетін химиялық заттарды қолдануға рұқсат етілмейді.

18. Өрт-жарылыс қауіпті құрылыс материалдарымен жұмыс істеу кезінде өрт пен жарылыс туатын жағдайлардың алдын алатын шаралар қарастырылуы тиіс:

1) әрлеу жұмыстарын жасауда пайдаланылатын, бір-бірімен өзара әрекеттесу кезінде тұтанатын, жарылыс туатын немесе жанғыш газдар түзетін құрылыс материалдарын бірге қолдануға, сақтауға және тасымалдауға рұқсат етілмейді;

2) тұтынушы құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының өрт-жарылысына қауіптілігі туралы ескертіледі;

3) оларды қолдану жөніндегі нұсқаулықтар және өрт қауіпсіздігі ережелерінің жалпы талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақталуы тиіс

19. Өрт-жарылысқа қауіпті құрылыс материалдарын пайдалану кезінде өрт және жарылыс қаупін азайту үшін осы қауіптерді барынша азайтатын не жоятын шаралар қарастырылуы тиіс.

20. Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін отандық және импорттық құрылыс материалдары мен құрастырмалары нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес өрт қауіпсіздігіне квалификациялануы тиіс.

Құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмаларының сипаттамаларына (қасиеттеріне) қатысты өрт қауіпсіздігі және жарылыс

қауіпсіздігі талаптары осы Техникалық регламентке 4 және 5-қосымшада белгіленген.

7. Химиялық қауіпсіздік талаптары

21. Айналымға жіберілу сатысындағы құрылыс материалдары мен бұйымдарының химиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қауіпсіздіктің қажетті деңгейін белгілейтін мынадай талаптар орындалуға тиіс:

1) айналымда жүрген кезде құрылыс материалдары мен бұйымдары қауіпсіздік шараларын сақтаған жағдайда адамға және қоршаған ортаға зиянды әсер етпейтін;

2) адамға және қоршаған ортаға химиялық әсер ету мүмкіндігі бар, оң санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы жоқ құрылыс материалдары мен бұйымдарын айналымға жіберуге рұқсат етілмейді;

3) құрылыс материалдары мен бұйымдарында адам ағзасына тікелей немесе жанама әсер ете алатын мөлшерде зиянды заттар (барлық бөлінетін заттардың бірлескен іс-әрекетін ескере отырып) болмауы және олар қоршаған ортаға бөлінбеуі тиіс.

22. Лак-бояу материалдарын сыртқы және ішкі жұмыстар үшін құрылыста қолдану кезінде олардың құрамында болатын ұшпа органикалық қосылыстардың ең үлкен рұқсат етілетін мөлшері нормативтік талаптарға сәйкес келуге тиіс.

23. Әрекетті жинақтау әсері бар зиянды химиялық заттар үшін ШРК-де олардың концентрацияларының ауытқу сомасы шекті белгіленген мәндерден аспауы тиіс.

24. Зиянды заттардың концентрациясы жұмыс аймағы ауасындағы және елді мекендердің атмосфералық ауасындағы ұшпа органикалық қосылыстардың ШРК нормативтік мәндерінен аспауға тиіс.

25. Жұмыс аймағының ауасындағы және елді мекендердің атмосфералық ауасындағы, шаруашылық-ауыз су және мәдени-тұрмыстық су пайдалану нысандарының суындағы негізгі ұшпа органикалық қосылыстардың гигиеналық нормативтері Қазақстан Республикасының қолданыстағы санитарлық - эпидемиологиялық нормативтеріне сәйкес болуы тиіс.

26. Құрылыс материалдары мен бұйымдарының сипаттамаларына (қасиеттеріне) қатысты химиялық қауіпсіздік талаптары осы Техникалық регламентке 4 және 5-қосымшада келтірілген.

8. Радиациялық қауіпсіздік талаптары

27. Құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының өмірлік циклінің барлық кезеңдеріндегі олардың радиациялық қауіпсіздігі "Халықтың

радиациялық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарды орындау жолымен қамтамасыз етілуі тиіс.

28. Құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары адам ағзасына кері әсер етуі мүмкін шектік рұқсат етілетін мәндерден асатын қоршаған ортаға радиоактивті сәулелендіру көзі болмауы тиіс.

29. Кен орындарында өндірілетін немесе өнеркәсіптің жанама өнімі болып табылатын құрылыс материалдары мен бұйымдарындағы (қиыршық тас, ірі құм, құм, кесек және арналған тас, цемент және кірпіш шикізаты және басқалары), сондай-ақ құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын дайындау үшін пайдаланылатын өнеркәсіптік өндіріс қалдықтарындағы табиғи радионуклидтердің меншікті тиімді белсенділігі мыналардан аспауға тиіс:

1) салынып және қайта құрылып жатқан тұрғын және қоғамдық ғимараттарда пайдаланылатын материалдар мен бұйымдар үшін (I класс) - 370 Бк/кг;

2) елді мекендердің аумағындағы және перспективалы салу аймақтарындағы жол құрылысында, сондай-ақ өндірістік құрылыстарды салу кезінде пайдаланылатын материалдар мен бұйымдар үшін (II класс) - 740 Бк/кг;

3) елді мекендерден тыс жерлерде жол құрылысында пайдаланылатын материалдар мен бұйымдар үшін (III класс) - 1500 Бк/кг;

4) пайдалану туралы мәселесі Мемсанэпидқадағалаудың келісімімен шешілетін материалдар мен бұйымдар үшін (IV класс) - 1500-ден 4000 Бк/кг дейін.

30. Адамға және қоршаған ортаға радиациялық әсер ету мүмкіндігі бар, оң санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы жоқ құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмаларын айналымға жіберуге тыйым салынады. Жоғарыда келтірілгендердің ішінен өнімнің сипаттамаларына (қасиеттеріне) қатысты құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмаларының радиациялық қауіпсіздігінің нақты нормативтері осы Техникалық регламентпен үйлестірілген стандарттарда белгіленеді.

31. Құрылыс материалдары мен бұйымдарының сипаттамаларына (қасиеттеріне) қатысты радиациялық қауіпсіздік талаптары осы Техникалық регламентке 6-қосымшада берілген.

9. Биологиялық қауіпсіздік талаптары

Бәрінен бұрын өнімнің сипаттамаларымен (қасиеттерімен) анықталатын (адамға және қоршаған ортаға кері әсер ететін микроағзалары болуы мүмкін органикалық құрамдас бөліктер), құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының биологиялық қауіпсіздігі "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан

Республикасының Заңында белгіленген талаптарды орындау жолымен қамтамасыз етілуі тиіс.

10. Термиялық қауіпсіздік талаптары

Құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының термиялық қауіпсіздігі адам денесінің қорғалмаған жерлерінің құрылыс материалдарының жекелеген түрлерін дайындау, тасымалдау және сақтау кезінде орны болуы мүмкін температурасы жоғары немесе өте төмен беттермен түйісуіне жол бермеу жолымен қамтамасыз етіледі.

11. Санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік талаптары

32. Тиісті машиналар, жабдықтар және жұмысты аз механикаландыратын әр түрлі құралдар пайдаланылатын жерде, құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмаларын дайындау кезеңдерінде орны болуы мүмкін, химиялық, физикалық және биологиялық факторлардың әсерінен, адам денсаулығы үшін санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік және оларды тұрғын және қоғамдық ғимараттардың қоршалған құрастырмаларында қолдану осы Техникалық регламенттің талаптарын орындау жолымен қамтамасыз етіледі.

33. Құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмаларын пайдалану кезінде туындайтын химиялық, физикалық және биологиялық факторлардың зиянды әсерін шектеу бөлігінде, құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының сипаттамаларына (қасиеттеріне) қатысты санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік талаптары осы Техникалық регламентке 7-қосымшада берілген.

12. Құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының жекелеген сипаттамаларына (қасиеттеріне) қойылатын қауіпсіздік талаптары

34. Құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының қауіпті сипаттамаларына (қасиеттеріне) қатысты қауіпсіздік талаптары осы Техникалық регламентке 3, 4, 5, 6 және 7-қосымшада берілген.

Осы Техникалық регламентке 3, 4, 5, 6 және 7-қосымшалар құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын өндірушілерге арналған және оларды жеке де, сол сияқты мемлекеттік стандарттармен, сондай-ақ құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының қауіпсіздік көрсеткіштерінің нақты сандық мәндері жазылған ұйым стандарттарымен де пайдалана алады.

35. Осы Техникалық регламентке 8-қосымшада адам, оның мүлкі, жануарлар мен өсімдіктер, қоршаған орта үшін әлеуетті қауіп нысаны болуы мүмкін құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмаларының сипаттамаларына (қасиеттеріне) қатысты қауіпсіздіктің ең аз қажетті талаптары көрсетілген. Белгіленген талаптар осы өнімге тән әлеуетті қауіптіліктің әрбір түрі (пайда болуы) бойынша қауіпсіздіктің қажетті деңгейін сапалы анықтайды.

13. Құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын өндіру кезіндегі қауіпсіздік талаптары

36. Құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын өндіру кезінде жобалық, нормативтік құжаттаманың және олардың негізінде әзірленген технологиялық регламенттің талаптарын, сондай-ақ "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру аясында әзірленетін тиісті техникалық регламенттер талаптарын сөзсіз орындауды қамтамасыз ету қажет.

37. Құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын өндіру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың бүкіл жинағы орындалуға тиіс. Кәсіпорында құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын өндіру процесіндегі қауіпсіздікке байланысты барлық технологиялық операцияларды бақылау жүйесі іске қосылуы тиіс.

38. Егер құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін табиғи сынақтар жүргізу талап етілсе, онда олар сынау әдістеріне арналған нормативтік құжаттаманың талаптарына сәйкес толық көлемде жүргізілуі тиіс.

39. Кәсіпорында қабылданған бақылау жүйесіне немесе қолданыстағы сапа менеджменті жүйесіне сәйкес барлық қауіпсіздік талаптарын орындауды талдау, қажет болған жағдайда, егер осы талаптар тиісті техникалық регламенттерде болатын болса, құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын іске асырар алдында қауіп-қатерді бағалау жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

40. Құрама құрылыс құрастырмаларын өндіру кезінде жобадан ауытқу жоба авторымен келісілуі тиіс. Автордың келісімінсіз жобадан ауытқып әзірленген құрама құрылыс құрастырмаларын өткізуге рұқсат етілмейді.

41. Құрылыс объектілеріне түсетін құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары қажетті ілеспе құжаттамамен, ал базарға (саудаға) түсетіндер пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен қамтамасыз етілуі тиіс.

42. Барлық құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары таңбалануға (тікелей бұйымға, ыдысына, ілеспе құжаттамасына) және нақты сәйкестендірілуі (класс, таңба, сұрып, топтама, дайындау күні) тиіс.

43. Құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмаларын өндіру кезінде құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын өндіруге қатысы бар басқа техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптары да орындалуы тиіс.

14. Құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын тасымалдау және сақтау кезіндегі қауіпсіздік талаптары

44. Тасымалдау және сақтау кезінде құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын тасымалдау және сақтау шарттарының осы Техникалық регламенттің, сондай-ақ осындай талаптар белгіленетін басқа техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету қажет.

45. Құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын сақтау және тасымалдау әзірлеушілердің жобалау (жасау) сатысында қарастырған және осы Техникалық регламентпен үйлестірілген құрылыс материалдарына, бұйымдары мен құрастырмаларына арналған стандарттарда көрсетілген қауіпсіздік жөніндегі және қорғау шараларының барлық талаптарын ескере отырып жүргізілуі тиіс.

46. Құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын кәсіпорындардың қоймаларында және өткізетін орындарда сақтау кезінде ауада зиянды заттарды шекті рұқсат етілетін концентрациядан (мәндерден) жоғары болдырмайтын шаралар, сондай-ақ "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру шеңберінде әзірленетін техникалық регламенттерде келтірілген өрттер мен жарылыстардың пайда болуын, қоршаған ортаның ластануын не радиациялық бүлінуін болдырмайтын шаралар қарастырылуы тиіс.

47. Құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын тасымалдау, егер өнімді шығарушы немесе оны тұтынушы өзгеше ескертпесе, көліктің осы түріне қолданылатын жүк тасымалдау ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

48. Құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары тиісті тәсілмен буып-түйілсе (қажет жағдайда), қауіпсіз сақтау, қауіпсіз тасымалдау және өткізу жөніндегі ұсынымдармен жасақталса, оларды сақтауға, тасымалдау мен өткізуге рұқсат етіледі.

49. Құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын тасымалдау және сақтау кезінде:

1) өнімге рұқсатсыз қол сұғуды, кейіннен оның тұтынушылық қасиеттері мен қауіпсіздік көрсеткіштерін өзгертуді болдырмайтын, орамның (нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес) қымтақтығының, тұтастығының, беріктігінің сақталуы ;

2) сақтау шарттары мен мерзімдері және штаттан тыс және авариялық

оқиғалар туындаған жағдай үшін (қажет болған кезде) қысқаша нұсқаулықтар көрсетіліп, өнімнің әрбір партиясына берілген ілеспе құжаттаманың болуы;

3) құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын тасымалдау және сақтау кезінде ескерту таңбасын пайдалану, қызметкерлерді қауіпсіз жұмыс шараларымен таныстыру;

4) қорғаудың жеке және ұжымдық құралдарын, жеке бас гигиенасы құралдарын, санитарлық құралдар мен арнайы киімдерді беру (қажет болған кезде);

5) авариялық оқиғаларды болдырмау және жою жөніндегі және олардың зардаптарын жою жөніндегі шараларды, өрт сөндіру тәсілдері мен құралдарын қоса, әзірлеу қамтамасыз етілуі тиіс.

50. Қауіпті құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары үшін қажетті қауіпсіздік шараларын дайындаушы өнімді өткізу кезінде ілеспе құжаттаманың құрамына енгізілетін сапа паспортында көрсетуге тиіс.

51. Құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын тиеуді, түсіруді, тасымалдау мен қаттап жинауды қауіпсіздік талаптарын сақтау үшін қажетті біліктілігі бар қызметкерлер жүргізуге тиіс.

52. Құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын буып-түю үшін қолданылатын материалдар мен заттар қауіпсіз болуға тиіс.

53. Құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын тасымалдау және сақтау кезінде нақты технологиялық процестер мен тасымалдау және сақтау шарттарын ескере отырып, қауіп-қатер дәрежесін бағалау жүргізілуі тиіс.

54. Құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын тасымалдау және сақтау кезінде "Өрт қауіпсіздігі туралы", "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы", "Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында, сондай-ақ "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру шеңберінде әзірленетін және құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын тасымалдауға және сақтауға қатысы бар басқа техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптары орындалуы тиіс.

15. Құрылыста қолдану, ғимараттар мен құрылыстарды және азаматтардың тұрмыстық қажеттіліктері үшін пайдалану процесі кезіндегі қауіпсіздік талаптары

55. Қазақстан Республикасының аумағына айналымға келіп түсетін құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары техникалық құжаттамада белгіленген кепілдік мерзімі немесе жарамдылық мерзімі ішінде қауіпсіз болуы тиіс.

56. Құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары тиісті тәсілмен буып-түйілсе (бұл қажет жерде) және (немесе) таңбаланса, ал қауіпті материалдар қауіпсіздік белгілерімен және тұрмыстық жағдайларда қауіпсіз қолдану жөніндегі мынадай:

1) өніммен жұмыс істеу кезінде жеке қорғану құралдары туралы;
2) адамға, қоршаған ортаға және мүлікке зиянды факторлардың әсер ету қаупін болдырмайтын еңбек тәсілдері мен әдістері туралы мәліметтер болуға тиіс нұсқаулықтарымен жасақталса, олар пайдалануға рұқсат етіледі.

57. Құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын құрылыс объектілерінде ғимараттарды, құрылымдар мен құрылыстарды салу үшін пайдалану кезінде қажетті біліктілігі бар, еңбектің қауіпсіз әдістері мен тәсілдерін оқыған, қажетті сақтық және қорғау құралдарымен қамтамасыз етілген және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс істеуге жіберілген қызметкерлер жүзеге асыруға тиіс.

58. Құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын құрылыс объектілерін салу үшін пайдалану кезінде қауіпсіздік мыналармен:

1) құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын қолдануға байланысты қауіптілікті азайтатын, технологиялар мен жабдықты (жұмыстарды механикаландыру құралдарын), еңбек тәсілдері мен әдістерін таңдаумен;

2) құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын қауіпсіз қолдануға бақылау жасайтын техникалық құралдарды пайдаланумен және тиісті күтіп ұстаумен;

3) ескерту таңбасын және хабардар ету құралдарын пайдаланумен;

4) жеке бас гигиенасы құралдарын, санитарлық құралдарды, жеке қорғану құралдарын және арнайы киімді пайдаланумен;

5) қызметкерлерді кезең сайын оқытумен және білімдерін тексерумен, авариялық оқиғалардың алдын алу тәсілдеріне жаттығумен және оларды жоюға арналған қажетті құралдармен жасақтау арқылы;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылыстағы қауіпсіздік техникасы, жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбегін қорғау ережелерін сөзсіз орындауды қамтамасыз етумен;

7) қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметкерлерді алдын ала және кезеңдік медициналық тексеруден өткізуді ұйымдастырумен қамтамасыз етілуі тиіс.

59. Ғимараттар мен құрылыстарды пайдалану кезінде қолданылған құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін барлық шаралар кешенін орындау қажет.

60. Жөндеу жұмыстарын жүргізу не ғимаратты немесе құрылысты қайта жаңарту нәтижесінде тиісті құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын пайдалану салдарынан туындауы мүмкін қауіп-қатерді бағалау

жүргізілу қажет. Осы қауіп-қатердің мәні тиісті техникалық регламенттерде көрсетілген рұқсатты (қолайлы) мәннен аспауға тиіс.

61. Жөндеуден өткен (қайта жаңартылған) ғимараттар мен құрылыстар үшін тиісті әдістер мен бақылау құралдарын қолдана отырып, пайдаланылған құрылыс материалдарына, бұйымдары мен құрастырмаларына байланысты қауіп-қатердің белгіленген мәндерін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар әзірленуі тиіс.

62. Пайдалану құжаттамасында ғимараттар мен құрылыстарды пайдалануды жүзеге асыратын тұлғаға немесе тұлғаларға қойылатын, пайдаланылған құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптар қарастырылуға тиіс.

16. Құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын кәдеге жарату кезіндегі қауіпсіздік талаптары

63. Құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын кәдеге жарату не оларды сақтау немесе жарамдылық мерзімінің аяқталуы бойынша, не оларды салу кезінде пайдаланылған ғимараттар мен құрылыстарды бөлшектеп алу, бұзу, қайта жаңарту нәтижесінде жүзеге асырылуға тиіс.

64. Қажетті тұтынушылық қасиеттері бар жаңа құрылыс материалдарын және жылу тасымалдағыштарды өнеркәсіптік қайта өңдеу жолымен алу мақсатында жарамсыз материалдар мен қалдықтарды пайдалана отырып, кәдеге жарату тәсілі басымдырақ болып табылады.

65. Кәдеге жаратылуы мүмкін емес қалдықтар термиялық залалсыздандыруға немесе өнеркәсіптік қалдықтарды залалсыздандыру және полигондарда көму арқылы жоюға жатқызылады. Қалдықтармен жұмыс істеу Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

66. Жарамсыз құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын не олардың қалдықтарын кәдеге жарату және жою кезінде жұмыс аймағы ауасындағы, атмосфералық ауадағы, ашық су қоймаларының суындағы зиянды заттардың концентрациясы шектік рұқсат етілетін концентрациялардан (ШРК) аспауға тиіс.

67. Құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын айналымнан шығару, қалдықтарды кәдеге жарату немесе жою осы Техникалық регламентте және кәдеге жарату сатысындағы қауіпсіздік шараларын қарастыратын техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

68. Құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының қалдықтарын кәдеге жарату процестеріне қатысатын қызметкерлердің қажетті

біліктілігі болуға, олар тиісті даярлықтан өтуге және еңбек қауіпсіздігінің барлық талаптарын сақтауға тиіс.

17. Тұтынушыларды адастыруға әкелетін іс-әрекеттердің алдын алуға арналған ақпаратқа қойылатын талаптар

69. Өткізу нарығына айналымға шығарылатын құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары:

1) тікелей бұйымға, ыдысқа, орамға немесе ілеспе құжаттамасына басылатын сәйкестендіру таңбасы;

2) сапа паспортын немесе оның үзінді көшірмесін (ерекше қауіпті құрылыс материалдары, бұйымдары және құрастырмалары үшін);

3) құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын қолдану (монтаждау) жөніндегі қажетті техникалық құжаттаманы немесе қауіпсіз қолдану жөніндегі нұсқаулықты (сауда желісі арқылы өткізу үшін);

4) өрт сөндіру тәсілдері мен құралдарын (қажет болған кезде);

5) сәйкестікті растау туралы құжаттарды қамтуы тиіс ақпаратпен бірге жүруі тиіс.

70. Сақтандыру таңбасына кіретін ақпараттың құрамына және мазмұнына қойылатын ең аз талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

71. Сақтандыру және сәйкестендіру таңбасы мәтін, символ, пиктограммалар түрінде басылады (жазылады).

72. Тұтынушыларға арналған ақпарат анық және жеңіл оқылуға тиіс. Бұл кезде қауіпсіздік талаптары басқа қаріппен, түспен немесе басқа тәсілмен ерекшеленуге тиіс.

73. Ақпаратты басу құралдары өнімді сақтау, тасымалдау, өткізу және қолдану кезінде таңбаның төзімділігін қамтамасыз етуге тиіс.

18. Техникалық регламент талаптарына сәйкестікті растау

74. Өнімнің Техникалық регламентте белгіленген талаптарға сәйкестігін растауды:

1) сәйкестікті растауды жүргізу және сәйкестік сертификатын беру түрінде сәйкестікті растау жөніндегі орган;

2) өнімді тұтынушы берген тапсырма бойынша сәйкестікті растауды жүргізу сәйкестікті растау жөніндегі орган;

3) сәйкестік туралы декларацияны қабылдау түрінде өнімді өндіруші (орындаушы) жүргізеді.

75. Қазақстан Республикасы аумағындағы құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмаларының сәйкестігін растаудың міндетті және ерікті сипаттары болады.

76. Сәйкестікті міндетті растауға жататын өнімнің тізбесі осы Техникалық регламентке 9-қосымшада берілген.

77. Сәйкестікті міндетті растау "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына , техникалық регламенттер және Қазақстан Республикасының, мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

78. Сәйкестікті растау нысандары мен схемаларын таңдау кезінде мыналар:

1) өмірлік циклдің белгілі бір кезеңдеріндегі құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының қауіптілік дәрежесі;

2) өндірістік немесе пайдалану факторларының өзгеруіне Техникалық регламентте белгіленген қауіпсіздік көрсеткіштерінің сезімталдығы;

3) сәйкестікті растаудан өткен өнімді қолданудан болған шығынды немесе сәйкестікті күмәнді бағалаудан болатын жинақтық қауіп-қатер ескерілуге тиіс.

79. Сәйкестікті міндетті растау кезінде расталатын құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының сипаттамалары (қасиеттерінің) қауіпсіздік көрсеткіштерінің тізбесі осы Техникалық регламентке 10-қосымшада берілген.

80. Сәйкестікті міндетті растау, сондай-ақ нақты өнім халықаралық келісімдердің, конвенциялардың және Қазақстан Республикасы қосылған басқа құжаттарда осы өнімге сәйкестікті міндетті растау қарастырылған құжаттардың қолданылу саласына жатқызылған жағдайларда қолданылады.

81. Жоғары қауіптілік объектілері болып табылатын жаңа құрылыс материалдарына, бұйымдары мен құрастырмаларына сәйкестікті міндетті растау түрлері СЭҚ ТН кодына сәйкес қолданылуы тиіс.

19. Техникалық регламентке сәйкестікке болжам

82. Өнім сипаттамаларына (қасиеттеріне) қойылатын қауіпсіздік талаптарын белгілеген кезде осы Техникалық регламентке 8-қосымшада көрсетілген құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ олардың осы Техникалық регламент талаптарына сәйкестігін растау үшін үйлестірілген стандарттар пайдаланылады.

Үйлестірілген стандарттарда өнімнің тұтынушылық қасиеттерімен (сапасы) сипатталатын көрсеткіштерімен қатар қауіпсіздікті анықтайтын көрсеткіштердің нақты сандық мәндері түрінде олардың сандық сипаттамалары белгіленген және сәйкестікті болжау қағидаты пайдаланылады.

Цемент	
2523 10	Қоспасыз портландцемент
2523 10	Арнайы талаптары бар қоспасыз портландцемент
2523 10	Арнайы талаптары бар қоспасыз портландцемент
2523 90	Қожпортландцемент және арнайы талаптары бар портландцемент
2523 90	Пуццолан портландцементі мен арнайы талаптары бар портландцемент
2523 30	Балшықты-топырақты цемент және арнайы талаптары бар балшықты-топырақты цемент
3816	Отқа төзімді цементтер, құрылыс ерітінділері, бетондар мен ұқсас құрамдары
2523 90	Цементтің басқа түрлері
2523	Цемент өндірісінің материалдары
2522, 2520	Әк, гипс және басқа да жергілікті тұтқырғыштар
Қабырғалар мен арақабырғалардың материалдары	
6901 - 6904	Қабырға материалдары (темір-бетон панельдерінсіз)
6808	Панельдер, тақтайшалар, тақтайлар, білеулер, блоктар және өсімдік талшықтарынан, сабаннан және сүректі, тұтқыр минерал заттары бар агломерирленген қалдықтардан жасалған ұқсас бұйымдар
6809	Арақабырғалардың материалдары
3816, 3824 50	Бетон қоспалар және құрылыс ерітінділері
2520 20	Құрғақ құрылыс қоспалары
6810	Арматураланбаған бетон бұйымдар
Құрылысқа арналған қыш материалдар мен бұйымдар	
6907	Қаптамаланған қыш бұйымдары, оның ішінде тақтайша
6907	Қышқылға төзімді қыш бұйымдар
6908	Төсеуге арналған тақтайшалар, еденге, пештерге, каминдерге немесе кіреукелі керамика қабырғаларына арналған қаптама тақтайшалар
6905	Жабын
6905 90	Басқа да керамикалық бұйымдар мен материалдар
Жылу және дыбыс	

оқшаулағыш материалдар мен бұйымдар	
6810 11 90	Органикалық емес борпылдақ жылу оқшаулағыш материалдар
6806	Жылу және дыбыс оқшаулағыш минерал мақталы бұйымдар
7019	Шыны талшықты және шыны мақталы жылу және дыбыс оқшаулағыш бұйымдар
6901	Көбік диатомитті, диатомитті және трепелді бұйымдар
6806	Перлитті жылу және дыбыс оқшаулағыш бұйымдар
6811	Құрамында асбесты бар бұйымдар
6806	Басқа да органикалық жылу және дыбыс оқшаулағыш бұйымдар
6806	Органикалық материалдардан жасалған жылу оқшаулағыш материалдар
6806	Базальт талшығынан жасалған жылу және дыбыс оқшаулағыш бұйымдар
Полимер, жабынды, гидрооқшаулағыш және қымтақтағыш әрлегіш материалдар	
5904	Линолеум (орамдар мен тақтайшалар)
5705	Кілемдер және басқа тоқыма жер төсеніштері, дайын немесе дайын емес
3920	Басқа да полимер материалдар мен бұйымдар
6807	Орамды жабын және гидрооқшаулағыш материалдары (жұмсақ жабынды және оқшаулағыш материалдар)
2715	Мастикалық жабындар, жабынды және гидрооқшаулағыш құрылғыларға арналған мастикалар, қойыртпақтар, құрамдар
Асбестоцемент бұйымдар	
6812	Асбестоцемент табақтар (шифер)
6812	Асбестоцементті құбырлар мен жалғастырғыштар
6812	Асбестоцементті басқа бұйымдар және асбестоцемент өндірісінің қалдықтары
2524 00	Асбест
Темір-бетон құрамды құрастырмалар мен бөлшектер	
Іргетастардың құрастырмалары мен бөлшектері	
6810	Іргетастардың құрастырмалары мен бөлшектері
6810	Стақан типті іргетастар мен табандары
6810	Іргетастардың тақтайшалары
6810	Ростверк бөлшектері

6810	Қадалар
Ғимараттар мен құрылыстардың құрастырмалары мен бөлшектері	
6810	Бағандар
6810	Итарқалы және итарқы асты арқалықтар
6810	Кран асты арқалықтар
6810	Орау, іргетас және құрылыстарға арналған арқалықтар
6810	Беларқалар мен жүгіртпелер
6810	Фермалар
6810	Рамалар элементтері
6810	Маңдайшалар
6810	Кермелер
Құрастырмалар, қабырғалар мен арақабырғалардың бөлшектері	
6810	Сыртқы қабырға панельдері
6810	Ішкі қабырғалы панельдер
6810	Арақабырғалар
6810	Қабырға блоктары
Арақабырғалар мен жабындардың тақтайшалары, панельдері және төсемдері	
6810	Жабындардың тақтайшалары
6810	Арақабырғалардың тақтайшалары
6810	Жол тақтайшалары
Инженерлік құрылыстардың құрастырмалары мен бөлшектері	
6810	Көпірлердің аралық құрылыстарының бөлшектері
6810	Су өткізу құбырларының бөлшектері
6810	Қарау құдықтарының бөлшектері
6810	Силостар мен градирнялардың құрастырмалары мен бөлшектері
6810	Құбыржолдардың траверстерінің элементтері

6810	Инженерлік гидротехникалық имараттардың басқа құрастырмалары мен бөлшектері
Арнайы құрастырмалар мен бөлшектер	
6810	Арынды құбырлар
6810	Арынсыз құбырлар
6810	ЛЭП тіреулері, жарықтандыру желілерінің электрлендірілген жолдарының байланыс желілерінің байланыстары мен элементтері
6810	Арнайы аэродромды тактайшалар
6810	Жайылымдарды қоршауға арналған шпалерлі бағандар
6810	Ыстыққа төзімді және берік арнайы темір бетон
Ғимараттар мен құрылыстардың құрастырмалық және сәулет-құрылыс элементтері	
6810	Басқыштардың элементтері
6810	Коммуникация блоктары
6810	Ғимараттар мен имараттардың сәулет-құрылыс элементтері
6810	Ғимараттардың кіру және шұңқыршаларының элементтері
6810	Санитарлық-техникалық кабиналар
6810	Лоджиялар мен балкондардың элементтері
6810	Қоршаулардың элементтері
Шыныдан жасалған бұйымдар	
7003	Илемді табақ шыны
7004	Құйылған және илемді, тартылған немесе үрленген, табақ немесе пішінделген, алайда басқа тәсілмен өңделмеген шыны
